

FTAMP 03.20

<https://doi.org/10.26577/JH2025116107>**Е. Конбай*** , **Б.Ж. Атантаева** 

Семей қаласының Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан

*e-mail:uerke-umi80@mail.ru

1920-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала 1921–1923 жылдардағы ашаршылықтың Батыс Қазақстандағы панасыз қалған балалардың тағдырын, балалар үйінің қызметінің тарихи аспектілерін зерттеуге арналған. Ашаршылық жылдары құрбан болған балалар саны мыңдап, орны толмас шығындарға әкелді. Жұмыстың мақсаты – ашаршылық салдарынан көшеде қамқорсыз, қараусыз қалаған балалардың тартқан зардаптарына тарихи және салыстырмалы талдау жасау. Анықталған зерттеу міндеттері архивтік құжаттарды, халық санағының материалдарын және статистикалық мәліметтерді пайдалана отырып, панасыз балалар тарихын салыстырмалы талдау, сонымен қатар статистикалық талдау әдісін қолдану болып табылады.

Батыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылықтың салдары, келтірілген залалдың ауқымы және олардың балалар өміріне әсері. Зерттеу әдістемесінің ерекшелігі балалардың панасыз қалуы туралы статистикалық деректерді әртүрлі өлшемдер мен модульдерге жүйелеу болып табылады. Балалар үйінің қызметі, үкіметтен бөлінген қаражаттардың тиісті шараларға жұмсалуды, балалар үйінің материалдық жағдайы қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері ашаршылықтың салдарынан панасыз қалған балалардың демографиялық зардаптарын зерттеуде салыстырмалы әдісті қолдану бұл тақырыпты тереңірек зерттеуге ықпал ететінін көрсетті. Статистикалық мәліметтерді пайдалана отырып, сапалы талдау нәтижесінде алынған нәтижелер Қазақстандағы XX ғасырдың 20-жылдарындағы ашаршылықтың балалар өміріндегі толық демографиялық бейнесін жасау үшін эмпирикалық негіз болды.

Түйін сөздер: панасыз балалар, балалар үйі, қамқорсыздық, ашаршылық, Батыс Қазақстан 1920-1923 жылдар

E. Konbay*, B.Zh. Atantaeva

Shakarim University, Semey, Kazakhstan

*e-mail:uerke-umi80@mail.ru

Problems of child homelessness in the western Kazakhstan region in 1920-1923

The article is devoted to the study of the fate of child homelessness in Western Kazakhstan during the famine of 1921–1923, the history of the creation and activities of orphanages. During the years of famine, the number of children left without parental care was in the thousands. The purpose of the work is to conduct a historical and comparative analysis of the consequences of children being left without care and attention on the street due to hunger. Specific objectives of the study are a comparative analysis of the history of street children using archival documents, census materials and statistical data, as well as the use of statistical analysis methods.

Consequences of famine in the West Kazakhstan region, the extent of damage and their impact on the lives of children. A feature of the research methodology is the systematization of statistical data on child homelessness by various dimensions and modules. The activities of the orphanage, the use of funds allocated by the state for relevant activities, and the material condition of the orphanage are considered.

The results of the study showed that the use of the comparative method in studying the demographic consequences of child homelessness due to famine contributes to a more in-depth study of this topic. The results of the qualitative analysis using statistical data were the empirical basis for creating a complete demographic picture of the famine in Kazakhstan in the 1920s in the lives of children.

Key words: child homelessness, orphanage, carelessness, famine, Western Kazakhstan 1920-1923.

Е. Конбай*, Б.Ж. Атантаева

Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан

*e-mail: uerke-umi80@mail.ru

Проблемы беспризорности в Западно-Казахстанской области в 1920-1923 гг.

Статья посвящена изучению судьбы беспризорных детей Западного Казахстана в период голода 1921-1923 годов, истории создания и деятельности детских домов. В годы голода число детей, оставшихся без попечения родителей, исчислялось тысячами. Цель работы – провести историко-сравнительный анализ последствий пребывания детей без заботы и внимания на улице вследствие голода. Определенные задачи исследования – сравнительный анализ истории беспризорников с использованием архивных документов, материалов переписи населения и статистических данных, а также использование методов статистического анализа. Рассматривается влияние голода в Западно-Казахстанской области, масштаб потерь и последствия для жизни детей.

Особенностью методологии исследования является систематизация статистических данных о детской беспризорности по различным измерениям и модулям. Рассмотрены деятельность детского дома, использование средств, выделенных государством на соответствующие мероприятия, материальное состояние детского дома.

Результаты исследования показали, что использование сравнительного метода при изучении демографических последствий беспризорности детей вследствие голода способствует более глубокому изучению данной темы. Результаты качественного анализа с использованием статистических данных явились эмпирической основой для создания полной демографической картины голода в Казахстане 20-х годов XX века в жизни детей.

Ключевые слова: беспризорники, детский дом, безопасность, голод, Западный Казахстан в 1920-1923 гг.

Кіріспе

XX ғасырдың 20-шы жылдар қазақ жеріне жұт пен ашаршылық қасіретін әкелген кезеңдердің бірі. Бұл кезең қазақ қоғамындағы бірінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығы, 1916 жылғы қазақтардың Ресей империясы патшалығына қарсы көтерілісі, қазан төңкерісі, азамат соғысы және әр 10-12 жыл сайын циклдік болған ашаршылықпен (1921–1923, 1931–1933) өтті. Табиғи-климаттық жағдайдан басқа, патша үкіметінің отарлау саясаты мен большевиктердің сұрқия саясаты осы зұлматтың шығуына әсер етті. Елді жайлаған аштық талай қазақ отбасының шаңырағын шайқалтып, тағдыр тәлкегіне ұшыратты.

Қазақстан тарихындағы панасыз қалған балалардың санының өсуі, біріншіден, ашаршылық табиғи құбылыс ретінде орыс патшалық билігінің тұсында орын алды, екіншіден, көшпелі мал шаруашылығымен айналысып күн көріп отырған 80% қазақтарды қалыптасқан тұрмыс-тіршілік дәстүрлерін жойып, көшпеліліктен отырықшылыққа айналдыру процесі күшейді, үшіншіден, әбден ашыққан ата-аналар балаларының аман қалуы үшін, оларды ашыққандарға арналып ашып жатқан балалар үйіне тапсырды. Панасыз қалған балалар арасында жұқпалы аурулардың көбеюі мен оларды өмірін жақсарту мақсатында ұйымдастырылған санитарлық по-

йыздардың қызметі мен шетелдік аштарға көмек ұйымдарының атқарған жұмыстары статистикалық мәліметтер негізінде тарихи салыстырмалы әдіспен сипатталады.

Отандық тарихи ғылымда 1921-1923 жылдардағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени аспектілерді қамтитын статистикалық талдау дамып келеді. Зерттелмеген тың тақырыптардың бірі – әлеуметтік жетімдік (балалар панасыздығы) тарихы. Тарихнамада бұл бағыттағы ғылыми зерттеулер әлі де аз болғандықтан, салыстырмалы зерттеу әдісін қолданып панасыз балалар тарихының тарихи-демографиялық мән-мәтінін зерттеу, «Панасыз», «Қамқорсыз» ұғымдарына ғылыми түсініктеме беру басты міндеттер болып табылады.

Мақаланың мақсаты – статистикалық мәліметтерді, халық санағы материалдарын және архивтен алынған құжаттар негізінде Батыс Қазақстандағы кеңестік балалар үйлерінің қызметін талдап, ашаршылықтың қараусыз көшеде қалған балаларға тигізген демографиялық зардаптарын тарихи-салыстырмалы талдау жүргізу.

Сандар мен ақпараттарды салыстыру әдісін қолдану, балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің әлеуметтік, экономикалық жағдайының нақты демографиялық бейнесін құру үшін сандық ресурстарға талдаудың сапалық әдісі негізгі мақсаттар болып табылады.

1921-1923 жылдардағы ашаршылық Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей губерниясы мен Адай уезінің кейбір болыстарының жалпы аумақтық ауданы 1.048.100 шаршы метр және 2.633.300 адамын қамтыды (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві (ары қарай ҚР ОМА) 320 Қ. Т.1. I.25. П.9.). Панасыз қалған балалардың тарихын саралап, сандық көрсеткішін нақтылау үшін, XX ғасырдың 20-жылдарындағы тарихи-саяси оқиғалар аймақтағы жағдайға қалай әсер етті: Балалар панасыздығына тән белгілері қандай? Осыған орай панасыз балалардың шығыны ашаршылық жылдары Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда көп болғаны деген тұжырымның дұрыстығына көз жеткізу, дәлелдеу.

Әдістер мен материалдар

XX ғасырдың 20-жылдарындағы азамат соғысы, жұт, ашаршылық салдарынан далада панасыз қалған балалардың жағдайын зерттеу барысында талдау және сараптау, сипаттау, баяндау, тарихи байланыстыру мен жүйелеу, проблемалық-тақырыптық, статистикалық әдістері қолданылды. Талдау әдісі негізінде Батыс Қазақстанның облысында панасыз, қамқорсыз қалған балалардың жағдайын негізгі деректер ретінде жергілікті архив қорларының құжаттары мен ғылыми құжаттық жинақтар сараланады. Сараптау әдісі бойынша «панасыз және қараусыз қалған балалар» терминіне түсініктеме беріледі. Талдау барысында куәгерлердің естеліктері де назарға алынды. Сипаттау әдісі бойынша аштықтың шығуына себеп болған жағдайлар және онымен күрес барысында жүргізілген іс-шаралар қарастырылды. Ашыққан балалар мен құрбандардың санын нақтылау барысында статистикалық әдіс қолданылып, архивтік деректер мен ғалымдардың зерттеулеріндегі түрлі мәліметтер қолданылып, Қазақстан облыстарында панасыз қалған балалардың саны салыстырмалы түрде көрсетілді.

Босқын балаларды орналастыру барысындағы жүргізілген іс-шаралар барысы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), Ақтөбе Облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі АОМА) архивтік құжаттар негізінде салыстырмалы түрде қолданылды. Жетім балаларды балалар үйіне, балабақшаларға орналастыру мен ерекшеліктерін бір-бірімен тарихи байланыстыру және тарихи оқиғаларды жүйелеу әдістері де пайдаланылды. Зерттеу барысында «Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахста-

не. 1921-1923» материалдар жинағында бұрын жарияланбаған архив құжаттары мен Қазақстандағы 1921-1923 жылдардағы ашаршылық тарихы, оның ішінде әлеуметтік жағдайлар мен балаларға қатысты саясат туралы дереккөздер қамтылған (Қазақстандағы ашаршылық, 2021).

Мақалада сонымен қатар әңгімелесу және ауызша тарихты зерттеу процесінде далалық зерттеулер кезінде жиналған материал қолданылады.

Талқылау

Қазақстанда жарыққа шыққан тарихи зерттеулерде ашаршылықтың демографиялық зардаптары жан-жақты зерттеледі. «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» еңбегінде Т.Омарбеков сол кезеңдегі саяси және әлеуметтік өзгерістерді, олардың қазақ халқына тигізген әсерін талдап, қазақ қоғамының ауыр тағдырын баяндайды. Ұжымдастыру, жаппай ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, халықтың қоныс аударуы мен мәдени, рухани құндылықтардың жойылуы сияқты мәселелерге терең тоқталады (Омарбеков, 1997). Ашаршылықтың құрбан болған қазақ халқының санын архив құжаттары негізінде құжаттардағы әркелкілікті жоюға талпынды. Жаңа методологиялық ұстаным тұрғысынан 1920-жылдардағы большевиктік аграрлық өзгерістерінің негізгі мазмұны мен нәтижесін, халыққа тигізген зардабын жан-жақты баяндайды. Қазақ даласына келген зұлматтың келу себептерін ашады. Қазақстан тарихының 1920-1930 жылдардағы аштық тауқыметі жайында Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1991 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулысымен құрылған құрамына М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, М.Қ. Қойгелдиев, Т.О. Омарбеков және т.б. тарихшы, заңгер ғалымдар енген аштықтың шығу себептерін анықтады. Комиссия архив құжаттарының негізінде ашаршылықтың шығу себебі мен оның зардаптарына қатысты зерттеу қорытындысы ғылыми жинақ болып баспасөзде жарияланды (Қолдан жасалған қасірет, 1991). Кеңес Одағының тоталитарлық саясатының қазақ халқының өміріне тигізген ауыр зардаптары жан-жақты баяндалады. Ашаршылық қасіретін зерттеуде статистикалық мәліметтер, архив құжаттары және сол кезеңдегі куәгерлердің естеліктері кеңінен қолданылады. Зерттеуші ғалымдар ел тарихындағы аштықтың зардаптарын архив деректері негізінде адам шығыны мен панасыз балалар тағдырын ашып айта отырып, қазақ халқының басынан өткен зұлаMAT

жылдар деп көрсетеді. Зерттеушілер аштықтың салдарын егжей-тегжей зерттегенмен, балалар панасыздығының тарихын кейінгі зерттеулердің еншісіне қалдырған.

Отандық тарих ғылымында ашаршылық тақырыбына арналған бірқатар еңбектер бар. Алайда, зерттелмеген тың тақырыптардың бірі – әлеуметтік жетімдік (балалар панасыздығы) тарихы. ҚазақКСР-дегі балалар панасыздығы мен қамқорсыздығы жағдайын, балалар үйінің құрылуы мен тарихы мәселелерін қарастырып жүрген зерттеушілер Сүгірәлімова Г.Б., (Сүгірәлімова, 2006), Смагулова С.С. (Смагулова, 2019). Батыс Қазақстан өңіріндегі панасыз қалған балалардың тағдыры мен тарихын зерттеу мәселесі қазіргі таңда отандық тарих ғылымындағы басым бағыттарың бірі болып табылады.

Қазақстандағы панасыз балалар тарихын алғашқылардың бірі болып зерттеген тарихшы Г.Б. Сүгірәлімованың диссертациясында XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы мәселенің шешу тарихын, аграрлық реформалардың ауыл балдарына тигізген зардабы, өлкелік балалар комиссиясы қызметін архив құжаттары арқылы талдап, куәгерлердің естеліктерімен негіздейді (Сүгірәлімова, 2006).

Кеңестік кезеңдегі панасыз қалған балалар тарихын зерттеп жүрген ғалым С.Смагулованың «Ашаршылық қасіреті» атты ғылыми еңбегінде қазақ қоғамындағы саяси жағдайларға, 1921-1922 жылдардағы аштықтың шығу себеп салдарына, аштықпен күрес барысында үкіметтің жүргізген іс-шаралары мен қазақ зиялыларының, шетелдік ұйымдардың аштықты ауыздықтаудағы қызметіне жан-жақты тоқталады, ашыққан балалардың контингенті, балалар үйінің қызметі, шетелдік көмек ұйымдары Американдық көмек әкімшілігі — АРА (American Relief Administration) қызметі архив деректері арқылы дәлелдер келтірді (Смагулова, 2019).

В.Ф.Михайловтың «Хроника великого джута» кітабы XX ғасырдың басындағы қазақ даласына келген ұлы трагедияның түп тамырын, себептері мен сипатын ашатын ірі зерттеу болып табылады (Михайлов, 1996). Ашаршылық кезіндегі аман қалған куәгерлердің жан түршігерлік естеліктері келтірілген. Әсіресе, қаладағы панасыз балалардың жаппай қырылуы туралы нақты деректер, естеліктер жетерлік.

Қазақстан губернияларының жай-күйін және аштықпен күресуге бағытталған шараларды қамтитын архив құжаттары мен мерзімді баспасөз материалдарын талдап, зерттеген В.Шмидт Қазақ АКСР-нің губерниялары, оның ішінде ба-

лалар саны туралы мәліметтер келтіреді. Атап айтқанда, Ақтөбе губерниясында аштыққа ұшырағандардың жалпы саны 300 000 адам болса, оның 72 309-ы балалар (Шмидт, 2018:48). 1921-1922 жылдардағы ашаршылық кезінде ашаршылыққа ұшыраған балаларға көмек туралы А.С. Сәрсеновтың және т.б. мақалаларынан кездестіруге болады (Сәрсенов, Каирғалиев, Алипова, 2022), В.В. Козина, А.И.Кудайбергенова, Д.А.Джумабеков, А.З.Жуманова, С.К.Кентбек (Козина тб., 2022), М.М.Козыбаева, Л.А. Гривенная (Козыбаева, Гривенная, 2021), А.Т.Капаева, С.А.Асанова (Капаева, Асанова, 2023), Д. Айтмағамбетов, Е. Устағалиев (Айтмағамбетов, Устағалиев, 2024).

Ашаршылық уақытындағы естеліктер көбіне көркем әдебиеттерде шынайы суреттеліп отырады. Ашаршылық туралы халықтың өз аузынан жазылған естеліктер туралы Е.Мағауиннің 2020 жылы жарық көрген «Сары кітап» еңбегі, сол қасіретті жылдарды басынан өткерген тікелей куәгерлердің 1989-1994 жылдары республикалық әдеби «Жұлдыз» журналында жарияланған естеліктерінде баяндалады (Мағауин, 2020). С. Елубайдың «Ақбоз үй» трилогиясы ашаршылыққа ұшыраған халықтың хал-ахуалын, күшпен ұжымдастырудың елге әкелген зардабын, ел басқарушылардың жағымсыз қылықтарын, әділетсіздіктерін әшкерлеп жазады (Елубай, 2011). Б. Хабдина, З. Қыстаубаев «Қызылдар қырғыны» кеңестік жүйе жағдайындағы қиын-қыстау кезеңдерін, қудалау мен жаппай қырғынды сипаттап, көшеде қаңғырып қалған аш балалардың өмірінен көп ақпарат береді (Хабдина, Қыстаубаев, 1993).

Шетелдік тарихнамада Катриона Келли зерттеулерінде революцияға дейінгі жылдардан бастап Кеңес Одағының ыдырауына дейінгі бүкіл XX ғасырды зерттеп, Сталиндік және постсталиндік кезеңдерге ерекше көңіл бөледі. Ол балалық шақтың тәжірибесі онжылдықтар бойы өзгеріп отырғанын және кейбір негізгі заңдарды бөліп көрсету мүмкіндігін атап өтеді (Келли, 2007). Автор Кеңес кезеңінің білім беру, мәдени әлеуметтену мәселеріне көңіл бөліп, әдебиет пен өнердің қоғамға әсерін зерттеуге бейім. Мәдени әлеуметтену адамның жеке дамуына қалай әсер ететінін зерттей отырып, мәдени антропологиялық көзқарасты жиі қолданады.

Кеңес Одағының тарихын зерттеуші канадалық тарихшы Дэвид Марплес азамат соғысының, ұжымдастыру мен индустрияландырудағы өзгерістердің балаларға тигізген зардаптарын және көшедегі панасыз қалған балалар саны-

ның өсуін талдайды (Марплес, 2011). Автор архив материалдарын кеңінен пайдаланып, кейбір жағдайларда естеліктер мен ауызша тарихқа жүгінеді. Осы тақырыпты зерттеуде мемлекеттік саясат пен балалардың шынайы өмірінің арасындағы күрделі байланыстарды көрсетіп, талдау жасайды.

Итальяндық тарихшы Николо Пьянчоло XX ғасырдың бастапқы ширегіндегі архив материалдарын егжей-тегжей зерттеді. Қазақстандағы ашаршылықтың бірден-бір себебі ауыл шаруашылығындағы Сталиндік реформаның салдары, яғни ауқымды мал етін дайындау және астық жинау деп көрсетеді (Пьянчоло, 2018).

Элизабет Уайт Ресейдегі балалық шақ тарихын қарастыруды мақсат етіп, батыста қалыптасқан балалық шақ модельдерімен салыстырмалы талдауды жүзеге асырады. Кеңес үкіметінің балалық шақ идеологиясы мен институтционалдық реформаларына, дәстүрлі отбасының ықпалын барынша әлсіретіп, балаларды тәрбиелеуде мемлекеттік медициналық құрылымдар, мектеп, саяси ұйымдардың ролін күшейте отырып бақылауға ұмтылғанын сипаттайды. Балалар Кеңес үкіметі үшін маңызды болды, сондықтан олар жаңа кеңес адамын қалыптастыруға тырысқандығы айтылды. Балалар өміріндегі нақты өзгерістер мемлекеттік революциялық ұмтылыстар мен өмір салтының инерциясы арасындағы кеністікте жүзеге асырылды. Экономиканың әлсіреуі, Ресей қоғамы үшін жаңа құбылыс жаппай панасыздықты туғызды деп санайды. 1920 жылдардың соңында үкімет бала өміріндегі отбасының рөлінің маңызды екенін анағұрлым жақсы бағалау керектігін түсінді. Э.Уайт «бақытты балалық шақ» тұжырымдамасының пайда болуына талдау жасайды (Уайт, 2020).

Жалпы, шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде хронологиялық, тақырыптық тұрғыда еркіндік бар, әртүрлі заманауи ұғымдарды кездестіруге болады. Өкінішке орай, шетелдік зерттеушілер Кеңес үкіметін балалардың әлеуметтік-құқықтық нормаларын қорғамаған қанаушы ретінде көреді. XX – ғасырдың 20-30 жылдары панасыз балалардың легі көп болғанмен, олардың санын азайтуда, тұрмыс-тіршілігін жақсартуда жасаған әрекеттерін, іс-шараларын жоққа шығара алмаймыз.

Кеңес үкіметі кезіндегі панасыз балалар тарихын зерттеу 1990 – 2000 жылдардағы ресей ғалымдарының еңбектерінен басымдылық көреміз. Ресей тарихнамасында біршама монографиялар, қорғалған диссертациялық жұмыс, жүздеген мақалар шықты (Блонский, 2004;

Афанасова, 2005; Славко, 2005; Семина, 2007; Карасева, 2015; Бендер, 2015). Кеңестік дәуірдегі балалық шақ тақырыбын зерттеу жетекші тақырыптардың біріне айналды. XX ғасырдың 20-шы жылдары балалар панасыздығы туралы кеңестік тарихнаманың қалыптасуы мен дамуының ең маңызды кезеңі болып табылады, бұл басылымдардың көптігімен, проблемалар мен зерттеу әдістерінің алуандығымен, бастапқы материалмен және жаңашыл көзқарастармен байланысты. Бұл кезең елдегі балалардың панасыздығы жағдайына жедел ден қою және көшедегі балалармен жұмыс істеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үлгісімен сипатталады.

А.А.Славко өз зерттеулерінде балалардың панасыздық себептерін басты мәселе ретінде кеңінен талқылап, диаметральді қарама-қарсы көзқарастарды ажыратып береді. 1920 жылдардағы басылымдардың басты құндылығы, елдегі балалардың панасыздығы мен қараусыздығы жағдайына объективті баға беріп, одан шығудың жолдарын ғылыми негіздеуге талпынуында деп тұжырымдайды (Славко, 2010).

XX ғасырдың 20-40 жылдарында «панасыз қалған көше балалары» термині тұрақты тұрғылықты жері, отбасы және мемлекет тарапынан қамқорлығы жоқ, жүйелі тәрбие мен оқу байланысын жоғалтқан, оқу орындарынан қашып кеткен ата-аналарынан айырылған балаларды атаған. Баспанасыз және қараусыз қалған тастанды балалар мемлекеттік қолдауға, тәрбие мен білім алуға, ал қараусыз қалған балалар уақытша қорғау мен көмекке аса мұқтаж болып саналды. 1930 жылдарға дейін нормативтік құқықтық актілерде «панасыз және қараусыз қалған балалар» түсінігінің заңды анықтамасы болған жоқ, бұл өз кезегінде мемлекетке балаларды асырап алу және тәрбиелеу саласындағы жұмыстың шекарасын анықтауды қиындатты (Семина, 2007).

Тек 1930 жылы Ұлы совет энциклопедиясында «панасыз балалар педагогикалық қадағалаудан және қамқорлықтан айырылған, денсаулығына нұқсан келетін, зиянды әсер ететін жағдайларда өмір сүретін кәмлеттік жасқа толмағандар» – деп анықтала бастады.

Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде панасыз балалар тақырыбы архивтік деректермен жан-жақты зерттелген, деректер сол кезеңдегі оқиға куәгерлерінің естеліктерімен негізделіп жазылған. Панасыз балалар тақырыбын өңірлер бойынша зерттеу Ресейде кеңінен етек алған бағыт болып табылады. Зерттеушілер панасыз балалар тарихы, балалар үйінің тарихын зерттеуде толық зерделеуге зор мүмкіндік береді.

Қолданыстағы жұмыстардың көпшілігі Қазақстандағы 1921–1922 жылдардағы ашаршылықтың жалпы аспектілеріне тоқталып, ашаршылықтың қоғамдық құрылым мен демографияға тигізген әсеріне тоқталып, халықаралық ұйымдардың көмегіне назар аударып, Кеңес өкіметінің дағдарысқа қарсы әрекетіне баға береді. Сонымен бірге, ашаршылық кезіндегі балалардың тағдыры туралы, әсіресе аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, зерттеулердің жеткіліксіздігі айтылған тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Нәтижелер

Балалардың панасыздығы мәселесін зерттеу тарихнамасында үш кезеңге бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең 1920–1930 жж., екіншісі 1940–1980 жылдардың бірінші жартысына дейін, ал үшіншісі 1980 жылдардың екінші жартысынан қазіргі уақытқа дейін. Осы кезеңдердің әрқайсысында көше балаларының санын азайту әдістерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосылды. Дегенмен, зерттеулердің сенімділігі мен ғылыми дәрежесі елдегі саяси жағдайға және деректер көздерінің қолжетімділігіне байланысты өзгерді.

Үкімет аштықтың қатал шындығын басып-жаншып, ұзақ уақыт бойы архивтың тереңдігінде құпия және жасырын болып қалған азапты, егжей-тегжейлі сипаттайтын барлық құжаттарды жасырды. Бір қызығы, 1920–1930 жылдардағы ашаршылыққа қатысты бірде-бір мерзімді басылымда үкіметтің есептер мен ақпараттар таратылмаған.

Революциядан кейінгі жылдары Ресейде панасыз балалар мен олардың заң бұзушылық әрекеттері өсті. Ағылшын тілінде сөйлейтін әлемде құбылыстың терең мәнін жеткізетін аударма болмады. «Көше баласы» сөзінің аудармалары уақыт өте келе өзгерді. Әр уақытта ол «соғыс жетімі» (*war-orphan*), қаңғыбас (*stray*) деп аударылды немесе қараусыз (*neglected*) бұл маңызды мәселені жеңілдетіп, қазіргі уақытта «үйсіз» (*homeless child*, *waif*) немесе «құқық бұзушы» (*delinquent*) деп қалдырылды (Bowen, 1960:64). Алайда, олардың барлығы әлеуметтік апаттың салдары болып табылатын панасыздықтың әлеуметтік-психологиялық мәнін бермейді.

Тарихшы С.А.Самсонова «К вопросу о понятии «Детская беспризорность» атты мақаласында «панасыз» ұғымының нақты анықтамасы болған жоқ, бірақ бұл әлеуметтік апатты жеңудің практикалық саясатының сипаты да осыған байланысты болды делінген. Бұл кезде, бірінші-

ден, большевиктер билікті ұстап тұрудың негізгі міндеттерін шешіп жүргенде балалар проблемалары екінші жоспарға ығысты. Екіншіден, бірқатар саяси мәселелерде большевиктер коммунистік доктринаның дерексіз теориялық идеяларын басшылыққа алды, олардың бір бөлігі кейінірек әлеуметтік тәжірибенің қысымымен бас тартуға мәжбүр болды. Бұл мәлімдеме отбасылық мәселеге де қатысты, бұл панасыздық мәселелерін шешуге байланысты болды (Самсонова, 2009:359).

Сонымен, Кеңес билігі өндірістік қажеттіліктердің әсерінен біртіндеп жалпы декларациялардың орнына «панасыз», «қараусыз» ұғымдарын нақтылауға тырысты. Біріншіден, бұл табиғи және әлеуметтік себептермен тұл жетім бала, екіншіден, уақытша отбасылық қиыншылықтар негізінде қадағалаусыз қалған бала болды.

Кеңес үкіметінде балалар панасыздығы биліктегілер мен мамандардың басты назарын аударды. Қалыпты азаматтық өмірді жандандырудың басты шараларының бірі панасыздықтың зиянды құбылысымен күресу болды. Қазақстанда Кеңес үкіметі құрылғаннан кейігі азамат соғысының зардаптары, қуаңшылық ауыл шаруашылығына нұқсан келтіріп, халықтың тұрмыс-тіршілігін құлдыратып, елде панасыз жетімдердің саны көбейтіп, әлеуметтік жағдайды әлсіретіп жіберді. 1921–1922 жылғы ашаршылық Батыс Қазақстанға орасан зор қайғы әкелді.

Батыс Қазақстан өңіріндегі панасыз қалған балалар тағдырына қатысты ҚР ОМА, АОМА құжаттары кеңінен пайдаланылады. Ақтөбе өңіріндегі балалардың панасыздығы сияқты құбылыстың пайда болу себептерін түсіну үшін, тарихи және мәдени параллельдер жүргізу қажет. Олар бізді өткен ғасырдың басына қайтарады. 1990-шы жылдары, XX-шы ғасырдың 20-жылдарындағыдай, КСРО-ның әлеуметтік және рухани идеалдарының күйреуі болды. Сонымен бірге, революциядан кейінгі жылдардағы және қазіргі кездегі балалардың панасыз қалуының себептері әртүрлі екенін түсіну керек.

Бүкілресейлік төтенше комиссияның (ВЧК) төрағасы Ф.Э. Держинскийдің басшылығымен Орталық балалар комиссиясы (ОБК) 1921 жылдың 10 ақпаннан бастап губерниялық және уездік балалардың өмірін жақсарту комиссиясын құруды қолға алады. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің (БОАК) жанынан осы комиссия қоғамдық, ведомствоаралық ұйым болып саналды. Комиссия жұмысына комсомол жастар одағы мен әйелдер бөлімін, кәсіподақ мүшелерін жұмыс жасауға шақырды. Балалардың

тұрмысын жақсартуда Қазақ ағарту халкомы арқылы губерниялық халық ағарту бөлімі балалар үйі мен бала бақшаларды жаппай, жалға балалар үйін ашып, панасыз балаларды қабылдап, оларды есепке алу арқылы тамақтандыруды жүзеге асырды. Қазақ республикасында ашыққан мен өлгендердің басым бөлігін балалар құрады. 1921 жылы сәуірде Қазақстан Орталық Атқару Комитеті (ҚазОАК) жанынан Өлкелік балалар комиссиясы құрылды. Комиссияны ОАК-нің мүшесі, Халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынов басқарды (ҚР ОМА. Қ. 509. Т.1. І.5. П.2). 1921-1922 жылдары Өлкелік балалар комиссиясы мәжілістерінде панасыз балаларды есепке алу, оларды тамақтандыру, баспанасыз балалар үшін бала қабылдағыштарын ашу, жетімханалар, балалар мекемелеріне арнап үйлер босату, жетімдерді киіммен қамтамасыз ету сияқты т.б. ұйымдастыру сұрақтары қарастырылған. Ал, ашаршылық меңдеген орталықтан алыс орналасқан губерниялар мен қырдағы қазақ ауыл-

дарының балалар жағдайы, ӨБК-нің жергілікті жердегі филиалдарын ашу, олармен тығыз байланыс орнату көбіне назарға алынбаған.

Оған Ақтөбе, Қостанай, Орал, Орынбор мен Адай уезіндегі балалардың ауыр жағдайы мен көшеде қайыр сұраған панасыз балалардың саны көбеюін жатқызамыз. 1921 жылы 1 шілдеде Ақтөбе губерниясы құрылып, құрамына бұрынғы Торғайдың Ақтөбе, Ырғыз уезі, Орал губерниясының Темір уезі кірді. Ақтөбе губерниясы бойынша 1920-1921 жылдары балалар үйінде архив құжаттары бойынша 887 бала болған. Балалардың негізгі жастары 3-15 жас аралығы. Ақтөбедегі балалар үйінде – 382, Темірде – 134, Ақбұлақ – 160, Шалқар – 91, Ырғызда – 120 бала тәрбиеленген. Аштық уақытында губернияларда бала санының күннен күнге көбейгенін көруге болады. Төмендегі кестеде республика бойынша 1 ай жарым көлемінде бала саны 50-55 % өскендігін көруге болады (АОМА. Қ.59. Т.1. І.35. ПП.71-78/415-416).

1-кесте – 1921 жылғы Республикадағы панасыз балалардың өсуі

Губерния атауы	16 қарашадағы мәлімет	01 желтоқсандағы мәлімет	31 желтоқсандағы мәлімет
Орынбор	32 000	33000	47112
Орал	31100	29100	31479
Қостанай	12344	22464	27344
Семей	5316	5976	8316
Ақмола	8176	8670	12170
Бөкей	4105	4105	6105
Ақтөбе	14959	23109	22959
Адай уезі	2000	2400	3079
Барлығы	100000	128873	158 564

Ашыққандар қалалар мен теміржол вокзалдарына тола бастағанда аурудың таралуы күшейе түсті. Жол-жөнекей ауырып қалған босқындар өліп, балаларын тағдырдың тәлкегіне қалдырды. «Ресми деректерге сәйкес, Қырғыз Республикасының қалаларында... осы кезеңде күн сайын 50-ге жуық бала балалар үйіне жіберіліп отырған. Әр кезде жүргізілген зерттеулер көшедегі балалардың көп шоғырланғанын анықтады: Қостанайда – 890, Полтарацкіде – 300, Қазалыда – 160, Түркістанда – 180, Перовскіде – 100, Арыста – 200 адам жоғарыда аталған себептермен жиналды» (ҚР ОМА. Қ.320. Т.1. І.25. П.8). Топтасқан жеткіншектер ішерге азық-түлік іздеп, қала көшелерін кезіп, кедейшіліктің, қайыршылықтың

және жалпы қылмысты жағдайдың өсуіне ықпал етті. Құқық бұзушылықтарға темекі шегу, балағат сөздер айту, карта ойнау, төбелесу және кісі өлтіру жатады. Барлық қылмыстардың 90%-ын осы балалар аштықтан жасаған. 1921 жылы 1 желтоқсанда Республика бойынша 128 000-ға жуық қараусыз балалар болса, 31 желтоқсанда – 158 000, ал қаңтарда панасыздар саны 333 043 адамға жетті (ҚР ОМА. Қ.320. Т.1. І.25. П.9).

Ата-анасының көз алдында ашыққан балалары өмірлерімен қош айтысып жатты. 1921 жылдың тамызында Ақтөбе губерниясында 60 000 бала ашығып, өлім аузында тұрды. Губерния бойынша бұл кезде бар жоғы 71 балалар үйі болып, 3453 баланы ғана паналата алды. Олардың 48%

ауру, 37% әлсіз, тек 15%-ның денсаулығы жақсы болған. Ауырған балалардың 30 пайызы дәрі-дәрмектің жетіспеушілігінен, уақытылы емделмеуінен қайтыс болған (Смагулова, 2019:233).

Аштықтың етек алу қарқыны күшейіп, індет және қаржылық, материалдық ресурстардың толық жетіспеуінен балалардың далада қалуы, ашығуы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Орталық Балалар Комиссиясының өкілі ретінде балалардың өмірін жақсарту комитетінің төрағасы А. Кенжин қазан айында Мәскеуге барып, ОБК-на есеп беруге мәжбүр болды. Американдық көмек әкімшілігі (ары қарай, АРА) (ағылш. American Relief Administration, АРА) шетелдік ұйымдардың қызметін республикаға тарату орталығы алдында мәселені қозғап, губерниялардағы ашыққан балаларды жылы жаққа көшіру туралы бұйрықты алып үлгерді. Баяндамада ашыққан балалар санының 630 000 болғанын айтып, 2021 жылдың 1 мамырдағы ақпарат бойынша балалар мекемелерінің саны – 465, мектеп саны – 5438 екендігін көрсеткен (ҚР ОМА. Р-Қ.509. Т.1. I.5. П.9).

Нәтижесінде, 1921 жылдың қараша айында 50 000 ішуге тамақ алып тұруға қол жеткізді. Орынбор қаласы мен оның маңындағы аудандарға «АРА» ұйымының қызметі кеңінен таратылды. «АРА» асханаларының желісі және ашыққан балаларды тамақтандыру саны ай сайын арта түсті. 1921 жылдың желтоқсан айында КСРО аумағында 42 899 бала тамақтанатын болды. 1922 жылы маусымды Орынбор және Ақтөбе губерниясынан басқа, Орал және Бөкей губернияларына «АРА» асханаларының желісі тарады. 15 маусымдағы мәлімет бойынша КСРО көлемінде «АРА» асханаларында тамақтанатындардың жалпы саны 345 000 бала. Бұл ретте Орынбор губерниясында 799 асхана және 183 жабық мекеме, Ақтөбе губерниясында 314 асхана, 9 жабық мекеме жұмыс істеді. Ал, 15-шілдедегі мәліметтер бойынша Орынбор және Ақтөбе губерниялары бойынша асханалардың саны 1083, жабық мекемелер 166, оларда тамақтанатындардың жалпы саны – 272 023 (ҚР ОМА. Р-Қ.320. Т.1. I.43. П.110). Бұл статистикалық мәліметтерге Бөкей және Орал губерниясының мәліметтері қосылмаған. Қостанай губерниясына «Квакерлер» ұйымдары келді. Сонымен қатар, Коминтерн мен Қызыл крест, Орынбор мен Ақтөбе губернияларында тамақтандыру үшін асханаларды орналастырды. «АРА» ұйымдарының көмегі қосымша тамақтандыру саласында ғана емес, панасыз балаларды киім-кешекпен, гигиеналық қажетті құралдармен қамтамасыз етуде

де әсер етеді. Қазақ елінде орын алған әлеуметтік-экономикалық жағдай балалар саны мен мектептердің азаюына әкелді. Жұқпалы аурулармен ауырған балалар саны өсе бастады.

Қостанай губерниясында 1921 жылдың 15 желтоқсанынан 1922 жылдың 15 қаңтары аралығында балалар үйіндегі 9 994 баланың 50% ашыққаннан қан аздық, асқазан, ішек ауруларына шалдыққан (ҚР ОМА. Қ.72. Т.1. I.23. П.65).

Қыстың алғашқы айларында ашыққандардың арасында балалардың барлығы, оларға қажетті көмек көрсетілмей отырғандығы жөнінде жоғары орындарға толассыз хаттар ағылған. Бірақ жіберілген мәліметтердің бәрі де құпия түрде ұсталған. Орталықта эвакуация туралы мәселе оң шешілгендіктен, ОБК-на қараша айынан бастап санитарлық пойыздардың шығатыны туралы өкімдер түсті. Аудандардан ашыққан балалардың өлімі көбеюінен балалар үйіндегі тәрбиеленушілерді 1921 жылы 22-қарашадан 29-желтоқсан аралығында Түркістан республикасына, Самарканд, Ташкент қалаларына санитарлық пойызбен жөнелтілді. Архив құжаттарында қарашаның 22-28 аралығында Ақтөбенің №2 балалар үйінен 7-14 жас аралығындағы 556 бала Самарканд, Ташкентке (АОМА. Қ.59. Т.1. I.17. П.213-217), Ақбұлақ балалар үйінен 16 желтоқсанда 4-15 жас аралығындағы 169 бала Түркістан Республикасына (АОМА. Қ.59. Т.1. I.17. П.218-220), Темір балалар үйінен Самаркандқа 3-13 жастағы арасындағы 60 бала жіберілді (АОМА. Қ.59. Т.1. I.17. П.221-222). 1921 жылы 5 санитарлық пойызбен Түркістан республикасына 3271 бала шығарылды. 1922 жылы 19 санитарлық пойызбен Орталықтың шешімімен КСРО-ның шет аймақтарына 11820 бала эвакуацияланды. Осы пойыздардың ішінен Ақтөбе губерниясы үшін 4, Оралға-6, Қостанайға -2, Орынбор қаласы үшін 4 пойыз жіберілді. Соңғы санитарлық пойыз 24 маусымда Орынбордан жіберілді. Кейін эвакуация орталығының бұйрығымен 24 санитарлық пойызбен 15111 бала шығарылды (ҚР ОМА. Р-Қ.320 Т.1 I.43 П.111).

Эвакуацияның арқасында жергілікті территориялардағы аштыққа ұшыраған көше балаларының саны ішінара азайып, кейбір бала қабылдау бөлімдері жабылды. Көше балаларының ағыны тоқтап, балалар үйіндегі балалардың саны қалыпты жағдайға жақындады. Олардың жағдайы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда едәуір жақсы жағдайда ұйымдастырылған. Ақтөбе губерниясында барлығы 527 бала эвакуацияланды. Орынборда осы уақытта 7 бала қабылдау бөлімінің 630 баласы бар 1 қабылдау бөлімі қалды.

Дегенмен, санитарлық пойызбен эвакуацияланған балалардың жағдайы өте ауыр болды. Жолда сол балалардың жұқпалы аурулармен аурып, медициналық изоляторге тапсырылғандары мен жол көтермей, дәрі-дәрмектің жетіспеуінен, берілген тамақтың құнарсыздығы мен уақыты асқан тамақтармен тамақтандыру нәтижесінде қайтыс болғандар жетерлік. Оны төмендегі архив құжаттарымен дәлелдеуге болады. Ақтөбе губерниясындағы Жұрын уездінен келген жедел хатта: Самарқандқа кетіп бара жатқан санитарлық пойыз Жұрын стансасында тұрғанына 5 күн болды, себебі пойыздың паровозын өндірістік қажеттілікке алып кеткен (ҚР ОМА. Р-Қ.320. Т.1. І.43. П.307). Орынбордан шыққан №203 санитарлық пойыз 1921 жылдың 13 қарашадан 05 желтоқсан күні Ташкентке 20 күннен астам жүріп жетеді. Жолда 131 бала қайтыс болған. №3001 санитарлық пойыз 260 баламен (Ақтөбеде 110 бала, Жұрын мен Темірден 60 бала) Ташкентке дейін 70 бала аурып, 24 бала аштықтан аурып өлген. Ал, 1921 жылы 20 қарашада №142 санитарлық пойызға Орынбордан мінген 300 балаға Ақтөбе мен Яйсан станциясынан тағы 339 баланы мінгізді. Пойыз Ташкентке 07 желтоқсанда жетеді, жолда 35 бала жан тапсырған (ҚР ОМА. Р-Қ.509. Т.1. І.5. П.15). Осындай мәліметтер асып артылады. Үкіметтен балаларды тасымалдау ережелерінің дұрыс орындалмай, мамандардың өз жұмысына салғырт қарағандығының айғағы. Медициналық мамандардың жетіспеушілігі, кейбір кездерде балалардың ауруларына нақты диагноз қоя алмаған. Дегенмен, қыстың уақытында безгек (малярия) деген диагноздар қойылған. Қыстың күні мұндай ауру түрінің болуы, қателіктердің болғанын айғақтайды.

ОБК-ның баяндамасында 1921 жылдың қарашасында 55 000 азық, желтоқсан айында 15320, қаңтар-маусым айлары аралығында 20 000 азық алса, 1922 жылы 21650 азық мемлекеттен бөлінген. 1921 жылдың 4-қазанынан 25-желтоқсанға дейін Орталық Комитет Орынборда №10 арнайы пойыз ұйымдастырып, қабылдау бөлімшелеріндегі балалар мен панасыз балаларды тамақтандырды. Пойыз 4-қазаннан 1 желтоқсан аралығында 179 361 үлес тамақ берілсе, 1-25 желтоқсан күндері күн сайын нансыз 5000 түскі ас берілді. Балалардың тұрмыстық деңгейін жақсарту үшін орталық аштық комиссиясы түрлі жолдарын қарастырады. ОБК Түркістан Республикасынан губернияларға бөліп беру үшін 7000 пұт нан мен күріш сатып алады (ҚР ОМА. Р-Қ.320 Т.1 І.43 П.110). Өкініштісі, бұл азық балалардың тамағын қамтамасыз етуге жетпеді.

1922 жылы маусымда Батыс Қазақстан халқының 82% аштыққа ұшырады. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 1921 жылдың жазында шығарған қаулысында зардап шеккен аймақтар ретінде Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай облыстары анықталды. 1921 жылдың қарашасына қарай шамамен 1,5 миллион адам, яғни Қазақстан халқының үштен бірі аштыққа ұшыраса, 1922 жылдың наурызында бұл көрсеткіш 2,3 миллионнан асты. Қазақстанда 1921-1922 жылдардағы ашаршылық 1 миллионға жуық адамның өмірін қиды (Шмидт, 2018:40-41).

1922 жылғы Ақтөбе губерниялық білім бөлімінің жазған есебі бойынша өңірдегі панасыз қалған көше балаларымен күрес жүргізу барысында 1229 баланы балалар үйіне тапсырғаны баяндалады, сол жылы өңірде мектеп жасына дейінгі ұлдар – 57600, қыз бала – 55130, мектеп жасындағылар – ұлдары – 53700, қыз балалар саны – 44150 құраған. Балалар үйінен тыс көше балалары – 834 (5 болыс бойынша), балалар үйінде 1229 бала тәрбиеленген (Ақтөбе уезі – 566, Темір уезі – 345, Ырғыз уезі – 150, Шалқар уезі – 84, Ақбұлақ уезі – 84) (АОМА. Қ.59. Т.1. І.35. П.55). Дегенмен, Ақтөбе губерниялық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің атына Романов балалар үйінен түскен мәлімдемеде суықтан тоңып, аштықтан балалар арасында өлімнің көбейгендігін, 3 аптаның ішінде 108 баланың аштықтан, жұқпалы аурудан әлсіреп өлгендігін мәлімдейді. Балаларға бір уақыт ғана ыстық тамақ берілген. Асханада нанның жетіспеуі мен құнарсыз болуы, балалар денсаулығының әлсіреп, әр түрлі жұқпалы аурулардың таралуына алып келді. Жұқпалы аурудың тез тарап, меңдеуінен балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің сүзек ауруына шалдығып, емдеуге дәрі-дәрмектің жетіспеуінен жағдай мүшкіл. Дәрігерлік көмек ала алмай керісінше сау балаларға жұғу қаупі бар деп көрсетілген (АОМА. Р-Қ.3. Т.1. І.600. П.64). Бұл балалар үйіндегі жасөспірімдердің өмірлерімен қоштасуына бірден-бір себеп болды.

1923 жылы қаңтар айында Ақтөбе губерниясы бойынша Халықтық білім бөлімінің есебінде 13 балалар үйі болғанын, онда 1372 бала тәрбиеленетіні беріледі (АОМА. Қ.59. Т.1. І.35. П.314). Темір уезінде қыс айларында орыстар көп шоғырланған ауылдардан панасыз, қараусыз қалған 1600 баланы қабылдап, 3 балалар үйі ашылады (АОМА. Қ.59. Т.1. І.35. П.315).

1923 жылдың ақпан айындағы Ақбұлақ уезінің халық білім бөлімінің баяндамасындағы балалар үйінің жағдайы былай сипатталады.

Ақбұлақ балалар үйінде 108-орыс, 22-қазақ, 30 мектепке дейінгі балаларға 2 оқытушы, 7 тәрбиеші қызмет көрсетеді. Оқу-тәрбие ісі тәжірибелі маман болмағандықтан жағдай мүлдем төмен. Жалпы мекеменің жағдайы нашар. Жейтін тамағы құнарсыз, төсек, төсек жабдықтары, етік жоқ. Медициналық көмек көрсетілмейді. Қазіргі уақытта бөлімде балалар үйін ұстауға ешқандай қаражат жоқ. Ақпан айының басында мектеп қызметкерлері мен тәрбиешілері №2 Балалар үйінің пайдасына 17 кеңестік мектепте кешкі концерт ұйымдастырып 860 руб. таза табыс түскені айтылды (АОМА. Қ.59. Т.1. І.35. ПП.377-378).

Балалар мекемелерімен мектепке көмек апталығында жиналған қаржы кейбір аудандардағы балалар үйінің жағдайын айтарлықтай жақсартты. Концерттік кештер мен сахналық қойылымдардан 27013 рубль, губерниялық одақтар мен басқа ұйымдардан қайырымдылыққа 900 аршин

мата, 3 орамды жіп, ыдыс-аяқ, киім, азық түлікпен оқу құралдары келіп түсті. Губерниялық әйелдер бөлімінің көмегінің арқасында балалардың киімдері реттелді. Балалар үйінің ғимараттары әктеліп, оларға дезинфекция жасалды (ҚР ОМА. Р-Қ.320. Т.1. І.43. П.110). Балалар үйіндегі жағдайларды жақсарту мақсатында әртүрлі мерекелік шаралар ұйымдастырып, жиналған ақшаға күн көруге тырысқан.

Архив құжаттарына сүйенсек, әр облыстарда ашыққан балалардың санының күннен-күнге ұлғайып, араларында өліп жатқандардың да көбейіп келе жатқандығы құпия түрде хабарланыпты. 1923 жылдың мамыр-шілде айындағы Аштыққа ұшырағандарға көмек көрсету және ашаршылық зардаптарын жою жөніндегі Ақтөбе губерниялық комиссиясының қызметі туралы есебінде панасыз балалардың көбейіп жатқандығын ай сайынғы пайыздың өсуімен төмендегідей көрсетеді.

2-кесте – Ақтөбе губерниясындағы бала санының артуы (АОМА. Қ.3. Т.1. І.625. П.37-39)

№	Уездер	Балалар үйінің саны	Балалар саны	Бекітілген бала санының нормасы	% артық көрсеткіш
1- қазан					
1	Ақтөбе	6	420	400	50%
2	Ақбұлақ	1	75	75	-
3	Темір	2	100	110	10%
4	Шалқар	1	60	70	2%
5	Ырғыз	1	100	110	10%
1-қараша					
1	Ақтөбе	6	540	400	35%
2	Ақбұлақ	1	90	75	17%
3	Темір	2	110	110	-
4	Шалқар	1	90	70	15%
5	Ырғыз	1	120	110	8%
1-желтоқсан					
1	Ақтөбе	6	640	400	60%
2	Ақбұлақ	1	114	75	50%
3	Темір	2	125	110	17%
4	Шалқар	1	94	70	30%
5	Ырғыз	1	167	110	50%

Кестеде көрініп тұрғандай, уездердегі балалар үйінің жалпы жағдайының сын көтермейтін жағдайда екендігін, тек Ақтөбедегі жағдайға көз жүгіртсек бала саны 200% өскендігін байқала-

ды. 2 айдың көлемінде балалар үйіне ОБК-нан 455 000 ақша түскен. Оны тең бөліп Ақтөбе балалар үйінің қысқы азық-түлігіне 220 000 мың, инвентарлар алуға 120 000 рубль берілді. Қал-

ған ақша басқа балалар үйінің арасында бөлінді: Темірге – 90 000 руб., Ақбұлаққа – 20 000 руб. Губкомпоследголдан 250 пұт ұнды 24 кв. метрлік жерге орналастырып, межрабкомполголдның үйлеріне керуеттер мен отырғыштар орнатты. Ақтөбе – 100 пұт, Ақбұлақ – 114 пұт, Темір – 125 пұт, Ырғыз – 167 пұт, Шалқар – 94 пұт азық-түлік бөлініп берілген (АОМА. Қ.3. Т.1. І.625. П.37-39).

Осыдан кейін ОБК-нан ешқандай қаражат бөлінбеген. Барлық қаражат жаңа балалар үйі мен сәбилер үйін ашуға мол жұмсалды, күнделікті керекті құралдарды алуға қаражат болмады. Архив құжаттарында балалар үйінің жағдайы төмендегідей сипатталады. Ақтөбе уезінде балалар толы, төсек жабдықтары жетіспейді, тек тамағы қанағаттанарлық. Ақбұлақ балалар үйінің тәрбиеленушілерінде аяқ киім жоқ, Ырғыз,

Шалқарда төсек жапқыш жетпейді, киімдері тозған. Барлық балалар мекемесінде тәрбие жұмысы талапқа сай жүргізілмейді, мектеп жасындағы балалар жабдықталмаған мектепте білім алады. Шалқарда интернат жоқ, балалар үйінде 91 бала тәрбиеленеді, олардың жағдайы өте нашар, жататын төсек жетіспейді, тамақ ішетін, сабақ оқитын үстел мен орындықтар жоқ (АОМА. Қ.59. Т.1. І.35. П.374).

Егер, 1920-1922 жылдардағы ашаршылық кезеңінде өлім-жітім негізінен балаларға көбірек әсер еткенін ескеретін болсақ, онда біз мектеп жасындағы балалардың азаюын көреміз, егер 1923 жылғы санақ белгілі бір дәрежеде дәл емес екенін ескерсек, онда біз балалар санын шамамен келтіре аламыз. 1923-1924 жылдары Ақтөбе губерниясындағы жетімдер үйіндегі балалар контингенті төмендегі кестеде көрсетілген.

3-кесте – 1923-1924 жылдарындағы Ақтөбе губерниясындағы жетімдер үйіндегі балалар контингенті (АОМА. Қ.59. Т.1. І.45. П.4-5)

№	Уезд атауы	Орыс және басқа ұлттар құрамы	Білім алғандар	Қырғыздар/қазақтар	Білім алғандар
1	Ақтөбе	7930	5785 /71,5%/	5220	2734 /52,3%/
2	Темір	1220	712 /59,2 %/	4425	1340 /30,3%/
3	Шалқар	366	126 /31,2%/	3661	871 /23,8%/
4	Торғай	113	-	4330	1137 /26,3%/
Губерния бойынша барлығы (қаланы қоспағанда)		9629	6623 /69,2%/	17633	6193 /34%/

Пайдаланылған архивтік құжаттарды талдау нәтижесінде XX ғасырдың 1917 жылынан басталған саяси-экономикалық сілкіністердің кесірінен Кеңес Одағы құрамындағы елдерде панасыз, жетім балалардың күрт қаптап кеткендігін, әрине, большевиктер алдын-ала болжамдай алмады. Қысқа мерзім ішінде, панасыз балаларға қатысты саясатын Кеңес үкіметі заңдастырып үлгерді. Нәтижесінде бірсыпыра шұғыл шаралар ұйымдастырылды. Әсіресе Өлкелік балалар комиссия жұмысының бұқаралық сипат алуына көп көңіл бөлгенін байқаймыз.

Ауызша тарих белгілі бір тарихи кезеңнің адамдарын зерттеп қана қоймай, сол кезеңнің өзін жақсырақ түсінуге көмектеседі, бұл өткенге жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Былайша айтқанда, ауызша тарих қоғам немесе қауым туралы нақты фактілерді ұсынбайды, ол тарихи шындықты басқаша қабылдауды туды-

рады, өткенді бағалаудың жаңа тәсілдерін ұсынады (Щеглова, 2011; 367).

Аштықтың қасіретін шеккен халық өз балаларын әкімшілікке, балалар үйіне тапсырса, кейбіреулері әке-шешесі ісініп қайтыс болған соң, өздері тамақ іздеп балалар үйін паналаған. Аштық азабын тартып, ата-анасынан айырылған панасыз балалардың тағдырын архив деректері мен аштық куәгерлерінің естеліктері растайды. Ақтөбе облысының Алға ауданының «Алға балалар үйі» 13 жыл бойы басқарған, Кенжегазы Байғазин өз естелігінде: «Әкем Жаңабай Байғазин қазақтың қарапайым отбасында 1915 жылы Ақтөбе облысының Темір ауданында дүниеге келген. Аштықтың зардабын тартып өскен әкем XX ғасырдың 20-жылдардағы елді жайлаған ашаршылықтың куәгері болды. Ата-әжесі осы жылдары аштықтан ісініп қайтыс болғаннан соң, інісі Сейіткерей екеуі қазіргі Ақтөбе облысы,

Алға ауданының Тамды селосындағы балалар үйіне келіп, қабылдауын сұрайды. Бірақ балалар үйінде бала саны толық болғандықтан қабылдамай, сол балалар үйінде жұмыс жасайтын оқу ісі секторының меңгерушісі, жақын туыс ағасы Омарғазының үйінде 7-8 ай тұрады. Кейін балалар үйіне қабылданып, 1940-жылға дейін осы мекемеде тәрбиеленеді. Балалар үйіне түскен кезде Байғазы 6 жаста, інісі Сейітқазы 3 жаста болған. Туысы Омарғазының үйінде 7-8 ай тұрғанда аштықтың көкесін көрдік. Аш болған соң, басымыз қауғадай, мойынымыз ырғадай, қарын қабақтай, қабырғамыз ырсиып, ап-арық болып қалдық. Балалар үйіне қабылданған соң, әйтеуір тамақ іше бастадық. Быламық, тұзы жоқ, дәмсіз болса да, білінбеді. Ішке бірдеме барса болды. Балалар үйі өте суық, жылынбайды, бөлмеде 10-нан астам бала жатамыз. Таңертең жұмысқа салады, балалар үйі ауылдық коммуна болғандықтан, барлық жұмысты өзіміз жасаймыз. Балалар үйі біз үшін құтқарушы ролін атқарды. 1940 жылға дейін осы жерде оқып, кейін әкем Жаңабай педагогикалық институтқа түсті, Сейітқали политехникалық училищеге оқуға түсті. Жаңабай оқу бітірген соң, Байғанин ауданындағы мектепте мұғалім қызметін атқарады. Інісі Сейітқазы Темір ауданының беделді адамына айналып, көп жылдар бойы прокурор қызметінде жұмыс жасаған» (Конбай, 2024).

Азамат соғысының зардаптары мен табиғи апаттардың салдарынан Қазақстанның батыс өңірінде орын алған алпауыт ашаршылықтан өздері аман қалмаса да, балаларының аман қалуын тілеген халық, балаларын жақын жерлердегі балалар үйіне барып паналауын қалаған. Жеткендер балалар үйіне қабылданып, аштыққа шыдамағандар жан тапсыра берген.

Ақтөбе қаласының тұрғыны Ильясова Любовь Куспановна әкесі туралы естелігін былай жеткізді. «Ақтөбе облысының, Мартук ауданында орналасқан «Родниковка» селосындағы балалар үйінде тәрбиеленген әкем Ильясов Құспан тірі кезінде сол кезеңнің оқиғасын көп айтпаған. Сұмдық оқиғалар болды, сендер білмей ақ қойыңдар дейтін. Себебі, өмірлеріңе қауіп әкелуі мүмкін. Ильясов Құспан 1917 жылы ауқатты отбасында дүниеге келген. Құспанның туыстарын саяси оқиғаларға қатысы бар деп, түгел атуға апара жатқанда анасы жасырын 6 жасар ұлын белгісіз бір станцияда лақтырып кеткен немесе басқа адамдарға ұстатып кеткен. Нақтысын білмейді, солай әкем Родниковка селосындағы «Вознесенский» балалар үйіне түседі. Ол балалар үйінде болғанын, сол жердегі құжаттармен

де растауға болады. Тізімде әкесіне аттас фамилия жазылған. Жасөспірімдерді 1933 жылы 16 жасында аяқ-киім фабрикасына жіберген тізімінде болды. Сол фабрикада 1972 жылға дейін еңбек етіп, қайтыс болды. Құспан өте зерек, ақылды, білімді болып өседі. Ата-анасы Орал қаласының зиялы қауым өкілдері болған. Қазақ, орыс, араб тілдерін еркін меңгерген, білімді азамат болды. Балалар үйінің жағдайын өкінішпен еске алатын, жейтін тамақ жоқ, жататын жеріміз ызғарлы, дымқыл. Балалар үйі сыйқы жоқ бір үй. Ішінде шөптің үстінде жатамыз, күніне бір рет ғана ботқа, не бір үзік нан мен қоса сорпа береді. Балалар еденде, пеште, лас әрі сасық, тас қараңғы жерде аунап жатады. Жылайды, кейбір балалардың жылауға әлі келмейді, ыңырсиды. Өлген балалардың мәйіті де алынбай көп жатып қалады. Тамақ болмағандықтан, балалар үйінен қашып, ұрлық жасап, күн көрген. Кейін қайтадан балалар үйіне қайтып жүрген. Балалар үйінің тәрбиешілерінің қатыгездігін айта алмайтын, жеген таяқтан, ертеңіне тұра алмай қалатынбыз. Ісініп, қарнымыз ашып, медициналық изоляторға түскен кездерде, қашып шығып, тамақ тауып келген. Кейде тіпті тәрбиешілер өздері қашып кетеді. Ол кезеңдерді еске алудың өзі қорқынышты, сендердің өмірлерің керемет, бағаландар деп үнемі айтатын» (Конбай, 2024).

Сол уақыттағы балалар үйінің жағдайы нашар болғанын, талапқа сай оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілмегендігін архив құжаттарынан, әдеби жазбалардан да байқауға болады. Себебі, педагог мамандар тапшы. Балалар үйінде білімі жоқ, ауыл азаматтары қызмет атқарған.

Ақтөбе балалар үйінің директоры Романовтың губерниялық денсаулық сақтау бөліміне жазған хатында балалар үйінің жағдайын былай сипаттайды. «Ақтөбе балалар үйлерінде әлі күнге дейін терезелерге екінші жақтаулар салынбаған, үй-жай жылытылмайды, жағатын отын жоқ. Суық үйдің ішінде балалар шешініп, киінеді. Бәрінің іш киімдері өте лас. Балалардың тамақтануы нашар: нан сапасыз, ыстық тамақ күніне бір рет беріледі. Содан балаларда жалпы аурулары тараған. Ауру балаларды сау балалардан толық оқшаулау мүмкін емес, өйткені балалар диареямен және іш қатумен ауырады. Балалар арасындағы өлім-жітім орасан зор, аптаның 3 күнінде мен 108 өлім-жітімді тіркедім, олардың көпшілігі дифтерия мен аштықтан өлуде. Соңғы уақытта қызметкерлер арасында тюр эпидемиясы дамыды, 15 науқас тіркелді. Олар бөлек бөлмелерге орналастырылған және өз бақылауымда ұстап отырмын. Тез арада көмек көрсетілмесе,

жаппай қырылу қаупі бар» (АОМА. Р-Қ.3. Т.1. I.600. П.64). Жоғарыдағы куәгерлердің естеліктері осыған дәлел бола алады.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы тарихи-саяси оқиғалар аймақтағы жағдайға орасан зор қиындықтар әкелді. Халықтың ішкерге тамағы жоқтығы, ашыққан балалардың ата-аналарынан тыс қалуы, көше кезіп кетуіне себеп болды. 1920-1923 жылдардағы аштық Қазақстанның солтүстік-батыс өңірлеріндегі астықтың шықпай қалуы, жергілікті халық толқыныстары мен соғыс салдарынан панасыз балалардың саны Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда көп болғаны анық.

Қорытынды

1921-1923 жылдардағы тарих Батыс Қазақстан өңіріндегі аймақтарда аштықтың салдары орасан болғанын көрсетті. Балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында ОБК-нің мамандары көшедегі панасыз балаларды жинап, балалар үйі мен қабылдау бөлімдеріне тапсырды. Орталық балалар комиссиясы үлкен губерниялар мен қалаларға ғана көмек көрсеткен. Жат жерлердегі губерниялар мен қырдағы қазақ балалары ескерусіз, қалыс қалып, аштан өлген. Осыдан шығатын қорытынды жергілікті билік өз тұрғындарына көмек қолын созбаған, тіптен қазақ даласы мен қазақтар үшін жұт табиғи құбылыс дегенді алға тартады. Балалар панасыздығының себептеріне келер болсақ:

- 1914-1920 жылдардағы соғыстар, әлеуметтік катаклизмді туғызған революциялар мен саяси оқиғалар;
- аштық солтүстік-батыс Қазақстан облыстарына орасан зардап төндірді;
- шалғай өлкелердегі қазақ отбасылары мен балалары зардап шекті;

- көшеде қаңғып қалған балалар санының көбеюі 1922 жылдың көктемі мен жазында шарықтау шегіне жетті;

- мемлекет елдегі аштық туралы әлемге жариялады, шетелдік ұйымдардан көмектер көрсетілді, кеңес үкіметінен көрсетілген көмектер архив құжаттарындағы есептерде көрсетілгенмен, жергілікті басқару органдарына жете бермеді. Американдық әкімшілік көмегі (АРА) үлкен қалаларда өздерінің тамақтандыру бөлімдерін ашқанмен оған тек сол өңірге жақын немесе қаладағы балалар ғана келіп тамақтана алды. Ал, шалғай өлкедегі әлсіреген ашыққан үшін орталыққа жету жолы қиындықтар туғызды;

- әлсіреген балалар эвакуацияланып Бұхара, Ташкент, Новгород, Самарканд, Түркістан республикаларына пойыздап жөнелтілді. Қанша жас бала жолда қырылып, қаншасы діттеген қалаларға жеткізілді. Ары қарайғы тағдыры белгісіз екендігі айтпай-ақ түсінікті. Туған жерден жырақта қалған жетімдердің тағдыры белгісіз, іздеусіз қалды. Қазақ халқы үшін балаларынан айрылу, болашақ ұрпақтың ертеңіне қауіп төндірді.

1920-1923 жылдардағы Қазақстандағы балалардың панасыз қалуы табиғи факторлардың да, Кеңес Одағының әлеуметтік-экономикалық саясатының да әсерінен болған жаппай ашаршылықтың қайғылы зардаптарының біріне айналды. Бүкіл Кеңес Одағы сияқты Қазақстанда да балалардың панасыздығы айтарлықтай деңгейге жетті және мемлекет бұл мәселеге жауап беруге мәжбүр болды. Балалар үйлері, интернаттар, түзеу мекемелері ашылды, бірақ ресурстар жиі шектеулі және жағдайлары өте қатал болды.

Бұл оқиғалар сол дәуірдегі түбегейлі экономикалық және әлеуметтік қайта құрулардың нәтижесінің бейнесі болып қалды. Қазақстанның әлеуметтік жады мен тарихында терең із қалдырды.

Әдебиеттер

- Bowen J. (1960). Anton Makarenko and the development of Soviet education. University of Illinois, Urbana. 255 p.
- Catriona Kelly (2007). Children's World: Growing up in Russia, 1890–1991. L.: Yale University Press. 714 p
- Nicollo Pianciola (2018). Famine in the steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen. 1928-1934.-<http://monderusse.revues.org>
- Айтмагамбетов Д., Устагалиев Е. (2024). Последствия голода 1921-1923 годов в Казахстане: демографический анализ. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. Т. 148. No.3. сс. 12-35.
- Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қ.59. Т.1. I.17.
- АОМА. Қ.59. Т.1. I.45.
- АОМА. Қ.59. Т.1. I.35.
- АОМА. Р-Қ.3. Т.1. I.600.
- АОМА. Р-Қ.3. Т.1. I.625.

- Афаносова Е.Н. (2007). История детской беспризорности в Иркутской области и Красноярском крае в 1920-1930-х гг. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Иркутск. 228 с.
- Бендер Е.А. (2015). Борьба с беспризорностью и безнадзорностью несовершеннолетних в РСФСР в 1920 – 1930-е гг.: на материалах Ленинграда и Ленинградской области. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Санкт-Петербург. 187 с.
- Блонский Л.В. (2004). Детская беспризорность в СССР периода НЭПА: опыт ликвидации: На материалах Нижнего Поволжья. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Саратов. 217 с.
- Дэвис Марплес (2011). Годы голода. Сельское хозяйство в СССР, 1931-1933. Москва: Российская политическая энциклопедия. 543 с.
- Елубай С. (2011). Ақ боз үй. Алматы: Жазушы. 376 бет
- Капаева А.Т., Асанова С.А. (2023) Голод 1921–1923 годов в Казахстане: расширение исследовательского ракурса. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» Т.10. Выпуск,3. С.519-531. <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/940> (қаралған күні 29.10.2024)
- Карасева А.А. (2015). История функционирования и развития системы детских домов РСФСР в 1929-1941 гг./автореферат. дис... кандидата исторических наук. Москва. стр.31
- Карсакова Г.Б., Абуев К.К. (2017). Казахстанский голод в начале 20-х гг. XX в.: историография проблемы https://repo.kspi.kz/bitstream/handle/item/2313/2017-05-25-sbornik_rep-228.pdf?sequence=1&isAllowed=y (қаралған күні 23.09.2024)
- Козина В.В. и др. (2022). Голод в Центральном Казахстане в начале XX века и его социально-демографические последствия. Вестник КарГУ. Серия «История. Философия». № 2(106). сс. 221-232
- Козыбаева М.М., Гривенная Л.А. (2021) Неизвестный голод начала 1920-х годов в казахской степи <https://arch.kyrlibnet.kg/uploads/KNUKOZYBAYEVAM.M.,GRIVENNAYAL.A.2021-2.pdf> 29.10.2024
- Конбай Е. (2024) Байгазин К.Ж.: интервью: стенография. – Актобе.
- Конбай Е. (2024) Ильясова Л.К.: интервью: стенография. – Актобе.
- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) Қ.320. Т.1. І.25,43
- Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов. Т. 1. / Сост.: С.К. Шилдебай, З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ», 2021. 652 с.
- Қозыбаев М.К. (1992). Ақтандақтар ақиқаты. Алматы: Қазақ университеті. 272 б.
- ҚР ОМА. Қ.509. Т.1. І.5,43
- ҚР ОМА. Қ.72. Т.1. І.23
- Қыстаубаев З., Хабдина Б. (1993). Қызылдар қырғыны. Алматы: Өнер. 1993. 254 бет.
- Қолдан жасалған қасірет. ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындысы // Егемен Қазақстан. 1992. 22/12.
- Мағауин Е. (2020). Сары кітап. Алматы: BRK Press. 317 бет.
- Михайлов В.Ф. (1996) Хроника великого джута. Басылым 2. Алматы: Жалын. 400 бет.
- Омарбеков Т. (1997) 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат. 318 б.
- Самсонова С.А. (2009) К вопросу о понятии «Детская беспризорность». Вестник ТГУ, выпуск 12 (80). Стр. 358-363. <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-ponyatii-detskaya-besprizornost/viewer> (қаралған күні 10.02.2024)
- Сарсенов А.С., Кайргалиева Г.К., Алипова Д.Ж. (2022) Голод 1921-1922 годов в Западном Казахстане: причины и последствия. Вестник Атырауского университета имени Х.Досмухамедова №1 (64) наурыз. 24-34 бб. // <https://www.vestnik-asu.kz/jour/article/view/542/254> (қаралған күні 21.11.2024).
- Семина Н.В. (2007) Борьба с детской беспризорностью в 1920-е-1940-е годы в России: на примере Пензенского региона. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Пенза. 283 с.
- Славко А.А. (2007) Детская беспризорность в России в первое десятилетие Советской власти. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Чебоксары. 231 с.
- Славко А.А. (2010) Концепция борьбы с детской беспризорностью в отечественной историографии 1920-х годов. Вестник ИГЭУ. Вып. 1. Стр.1-4
- Смагулова С.О. (2019) Ашаршылық қасіреті. Алматы: Елтаным, 240 б.
- Сүгірәлімова Г.Б. (2006) Қазақстандағы панасыз балалар: Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар): автореф. дис. ... тарих ғыл. канд.. Қарағанды. 147 б.
- Уайт Э. (2020) Современная история российского детства: от Позднего имперского периода до распада Советского Союза / пер. с англ. Лондон: Издательство Блумсбери. 224 с.
- Шмидт В. (2018) Трагедия Казахстана 1921-1922 годов: голод и его последствия. Восточный архив. № 1 (37). сс. 40—50
- Щеглова Т.К. (2011) Устная история. Учебное пособие. Барнаул: АлтГПА. 363 с.

References

- Bowen J. (1960). Anton Makarenko and the development of Soviet education. University of Illinois, Urbana. 255 p.
- Catriona Kelly (2007). Children's World: Growing up in Russia, 1890–1991. L.: Yale University Press. 714 p.
- Niccollo Pinciola (2018). Famine in the steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsman. 1928-1934.-<http://monderusse.revues.org>
- Ajtmagambetov D., Ustagaliev E. (2024). Posledstviya goloda 1921-1923 godov v Kazahstane: demograficheskij analiz [Consequences of the 1921-1923 famine in Kazakhstan: a demographic analysis]. Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Istoricheskie nauki. Filosofija. Religiovedenie. T. 148. No.3. ss. 12-35. (in Russian)

- Aktobe oblystyk memlekettik arhivi (AOMA) [Aktobe Regional State Archive]. F.59. Op.1. D.17.
 AOMA. F.59. Op.1. D.45.
 AOMA. F.59. Op.1. D.35.
 AOMA. R-F.3. Op.1. D.600.
 AOMA. R-F.3. Op.1. D.625.
- Afanosova E.N. (2007). Istorija detskoj besprizornosti v Irkutskoj oblasti i Krasnojarskom krae v 1920-1930-h gg. [History of child homelessness in the Irkutsk region and Krasnoyarsk Krai in the 1920-1930s]. Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk Irkutsk. 228 s. (in Russian)
- Bender E.A. (2015). Bor'ba s besprizornost'ju i beznadzornost'ju nesovershennoletnih v RSFSR v 1920 – 1930-e gg.: na materialah Leningrada i Leningradskoj oblasti [The fight against homelessness and neglect of minors in the RSFSR in the 1920s – 1930s: based on the materials of Leningrad and the Leningrad region]. Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Sankt-Peterburg. 187 s. (in Russian)
- Blonsky L.V. (2004). Detskaja besprizornost' v SSSR perioda NJePA: opyt likvidacii: Na materialah Nizhnego Povolzh'ja [Child homelessness in the USSR during the NEPA period: the experience of elimination: Based on the materials of the Lower Volga region]. Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Saratov. 217 s. (in Russian)
- Davis Marples (2011). Gody goloda. Sel'skoe hozjajstvo v SSSR, 1931-1933 [Years of famine. Agriculture in the USSR, 1931-1933]. Moskva: Rossijskaja politicheskaja jenciklopedija. 543 s. (in Russian)
- Elubay S. (2011). Aq boz yj [The white yurt]. Almaty: Zhazushy. 376 b.
- Kapaeva A.T., Asanova S.A. (2023) Golod 1921–1923 godov v Kazahstane: rasshirenie issledovatel'skogo rakursa [The famine of 1921-1923 in Kazakhstan: expanding the research perspective]. Jelektronnyj nauchnyj zhurnal «edu.e-history.kz» T.10. Vypusk,3. S.519-531. <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/940> (data retrieved: 29.10.2024) (in Russian)
- Karaseva A.A. (2015). Istorija funkcionirovaniya i razvitiya sistemy detskih domov RSFSR v 1929-1941 gg. [History of the functioning and development of the orphanage system of the RSFSR in 1929-1941]/avtoreferat. dis... kandidata istoricheskikh nauk. Moskva. 31 s. (in Russian)
- Karsakova G.B., Abuev K.K. (2017). Kazahstanskij golod v nachale 20-h gg. HH v.: istoriografija problemy [Kazakhstan famine in the early 20s of the twentieth century: historiography of the problem] https://repo.kspi.kz/bitstream/handle/item/2313/2017-05-25-sbornik_rep-28.pdf?sequence=1&isAllowed=y (data retrieved: 23.09.2024) (in Russian)
- Kozina V.V. i dr. (2022). Golod v Central'nom Kazahstane v nachale XX veka i ego social'no-demograficheskie posledstviya [Famine in Central Kazakhstan at the Beginning of the Twentieth Century and Its Socio-Demographic Consequences]. Vestnik KarGU. Seriya «Istorija. Filosofija». № 2(106). S. 221-232. (in Russian)
- Kozybaeva M.M., Grivennaja L.A. (2021) Neizvestnyj golod nachala 1920-h godov v kazahskoj stepi [Unknown Famine of the Early 1920s in the Kazakh Steppe]. <https://arch.kyrlibnet.kg/uploads/KNUKOZYBAYEVAM.M.,GRIVENNAYAL.A.2021-2.pdf> (data retrieved: 29.10.2024) (in Russian)
- Konbay E. (2024) Baigazin K.Zh.: interv'ju: stenografija [Baigazin K.Zh.: Interview: Shorthand]. – Aktobe.
- Konbay E. (2024) Il'yasova L.K.: interv'ju: stenografija [Ilyasova L.K.: Interview: Shorthand]. – Aktobe.
- Kazakhstan Respublikasy Ortalyk memlekettik arhivi (KR OMA) [State Central Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.320. T.1. I.25,43
- Kazahstandagy asharshylyk. Golod v Kazahstane [Famine in Kazakhstan] 1921-1923. Sbornik dokumentov i materialov. T. 1. / Sost.: S.K. Shildebay, Z.M. Tolenova, G.M. Karataeva, R.E. Orazov, B.N. Orynbasar. Almaty: «Almaty-Bolashak», 2021. S.652. (in Kazakh)
- Kozybaev M.K. (1992). Aktandaktar akikaty. Almaty: Kazakh universiteti. 272 b. (in Kazakh)
- KR OMA. F.509. Op.1. D.5,43
- KR OMA. F.72. Op.1. D.23
- Kystaubayev Z., Habdina B. (1993). Kyzyl'dar kyrgyny [The Red Massacre]. Almaty: Oner. 1993. 254 b. (in Kazakh)
- Koldan zhasalghan kasiret [Hand-made misery]. KR Zhogargy Kenesy Toralkasy komissiasynyn korytyndysy // Egemen Kazakhstan. 1992. 22/12. (in Kazakh)
- Magauin E. (2020). Sary kitap [The Yellow Book]. Almaty: BRK Press. 317 b. (in Kazakh)
- Mihajlov V.F. (1996) Hronika velikogo dzhuta [Chronicle of the great jute]. Basylym 2. Almaty: Zhaly. 400 b. (in Russian)
- Omarbekov T. (1997) 20-30 zhyldardagy Kazakhstan kasireti [The suffering of Kazakhstan in the 1920s and 1930s]. Komekshi oku kuraly. Almaty: Sanat. 318 b. (in Kazakh)
- Samsonova S.A. (2009) K voprosu o ponjatii «Detskaja besprizornost'» [On the issue of the concept of “Children's homelessness”]. Vestnik TGU, vypusk 12 (80). S. 358-363. <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-ponyatii-detskaya-besprizornost/viewer> (data retrieved: 10.02.2024) (in Russian)
- Sarsenov A.S., Kajrgalieva G.K., Alipova D.Zh. (2022) Golod 1921-1922 godov v Zapadnom Kazahstane: prichiny i posledstviya [The Famine of 1921-1922 in Western Kazakhstan: Causes and Consequences]. Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni H.Dosmuhamedova №1 (64) nauryz. 24-34 bb. // <https://www.vestnik-asu.kz/jour/article/view/542/254> (data retrieved: 21.11.2024) (in Russian)
- Semina N.V. (2007) Bor'ba s detskoj besprizornost'ju v 1920-e-1940-e gody v Rossii: na primere Penzenskogo regiona [The Fight Against Child Homelessness in the 1920s-1940s in Russia: Using the Example of the Penza Region]. Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Penza. S.283. (in Russian)

Slavko A.A. (2007) Detskaja besprizornost' v Rossii v pervoe desjatiletie Sovetskoj vlasti [Child Homelessness in Russia in the First Decade of Soviet Power]. Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Cheboksary. S.231. (in Russian)

Slavko A.A. (2010) Koncepcija bor'by s detskoj besprizornost'ju v otechestvennoj istoriografii 1920-h godov [The concept of combating child homelessness in domestic historiography of the 1920s]. Vestnik IGJeU. Vyp. 1. S.1-4. (in Russian)

Smagulova S.O. (2019) Asharshylyk kasireti [The miseries of hunger]. Almaty: Eltany, 240 b. (in Kazakh)

Sygalimova G.B. (2006) Kazakstandagy panasyz balalar: Maseleni sheshu tarihy, tazhibesi, korytyndysy (1920–1940 zhyldar) [Homeless children in Kazakhstan: History, experience, and results of solving the problem (1920s–1940s)]: avtoref. dis. ... tarih gyl. kand.. Karagandy. 147 b.

Uajt E. (2020) Sovremennaja istorija rossijskogo detstva: ot Pozdnego imperskogo perioda do raspada Sovetskogo Sojuza [A Modern History of Russian Childhood: From the Late Imperial Period to the Collapse of the Soviet Union] / per. s angl. London: Izdatel'stvo Blumsberi. 224 s. (in Russian)

Shmidt V. (2018) Tragedija Kazahstana 1921-1922 godov: golod i ego posledstvija [The Tragedy of Kazakhstan 1921-1922: The Famine and Its Consequences]. Vostochnyj arhiv. № 1 (37). S. 40-50. (in Russian)

Shheglova T.K. (2011) Ustnaja istorija [Oral History]. Uchebnoe posobie. Barnaul: AltGPA. 363 s. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Конбай Е. – «8D01601 – Тарих» ББ-ның 1 курс докторанты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ. E-mail: uerke-umi80@mail.ru

Атантаева Бакыт Жумағазиевна – т.ғ.д., профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ. E-mail: batantaeva@mail.ru

About the author:

Konbay E. – 1st year doctoral student in the program «8D01601 – History», Shakarim University, Kazakhstan, Semey. E-mail: uerke-umi80@mail.ru

Atantayeva Bakyt Zhumagazievna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Shakarim University, Kazakhstan, Semey. E-mail: batantaeva@mail.ru

Сведения об авторах:

Конбай Е. – докторант 1-курса по ОП «8D01601 – История», Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан, г. Семей. E-mail: uerke-umi80@mail.ru

Атантаева Бакыт Жумағазиевна – д.и.н., профессор, Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан, г. Семей. E-mail: batantaeva@mail.ru

Поступило: 04.01.2024

Принято: 28.02.2025